

ПАРАСАТ БИЛГІНДЕ

С.Р. ЕСІМЖАНОВА

*Экономика ғылымының докторы,
профессор*

Қазіргі кезде болып жатқан экономикадағы түбегеілі өзгерістерде, халқымыздың тұрмысының жақсаруында, ел деп жаңын сала еңбек етіп жүрген, халқымыздың біртуар перзенті, 70 жылға толып отырған академик Кенжеғали Әбенұлының да ғалымдық үлесі зор.

Қазақ елінің ұлттық мақтаныштары Әліби Жангелдин, Амангелді Иманов, Әлібек Майкетовтер жөніндегі ел аузындағы ақиқат әңгімелерге, өлардың ел бақыты үшін құреске толы іс-әрекеттерін көңіліне тоқып өскен, зерделі де зерек Кенжеғали Әбенұлы орта мектептің күміс медальмен бітіріп, Қазак мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы Ұлттық университет) экономика факультетіне окуға түседі. Ұлы Отан соғысы елге әкелген ауыр зардалтарды әлі ұмыта қоймаған, ауыр тұрмысты сезіп өскен ауыл баласы оку мен ғылымның алғашқы баспалдақтарына тез төсөліп, университетте белсенділік көрсетіп, Сталин атындағы стипендия иегері атанды. Ол университет өмірінде болып жататын түрлі мәдени шараларға, Бүкілодақтық және республикалық ғылыми конференцияларға белсene қатынаса отырып, 1960 жылы университетті үздік біті-ріп шықты.

Кенжеғали Әбенұлы өзін өте үлгілі де дарынды студент ретінде таңыта білді. Сондықтан, оған экономика ғылымының докторы, профессор Тарбай Шәуkenбаев назарын аударып, университет оқытушысы етіп қалдырды.

1963 жылы ол Г.В. Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтының аспирантурасына қабылданды. Өз ғылыми зерттеу жұмысын жүргізе отырып, ол осы институттың материалдық-техникалық жабдық-

тау факультетінің партия ұжымы хатшысының орынбасары болып істеді. Осындағы басшылық жұмысты атқара жүріп, Кенжеғали Әбенұлы ғылыми зерттеуін сәтті аяқтап 26 жасында кандидаттық диссертациясын профессор Н.Д. Фасоляқтың жетекшілігімен абыраймен корғап шықты. Оның елінің болашақ ірі ғалымы болып қалыптасуына Ресейдің атақты ғалымдары Э.Ю. Локшин, Н.Д. Фасоляқ, А.А. Иотковский, П.В. Смирнов зор әсерін тигізді.

Кенжеғали Әбенұлы жас кезінен-ақ өзінің алғырлығын, зерделігін көрсетті. Ол – жиырма сегіз жасында экономика ғылымының кандидаты, отыз тоғыз жасында ғылым докторы, қырық жасында профессор атағын иеленсе, қырық тоғызында Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланады.

Біз шәкірттері оның республика жогары оку орындарындағы ұйымдастыруышылық, ғылыми және педагогтық қызметтері мен қабілетін көріп те, көңілімізге тоқып, ұстаздан үйрене жүрдік. Кенжеғали Әбенұлы өзінің көп жылғы ғылыми-педагогикалық қызметінің тәң жартысын Алматы халық шаруашылығы институтында (қазіргі Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті) өткізді. 1966-1982 жылдары ол осы институттың факультеті деканының орынбасары, партия комитетінің хатшысы, оку ісі жөніндегі проректоры болып қызмет атқарды. Ол осы оку орны үйымдастан күннен бастап, оның ірі білім ордасына айналуына бар күшін сарқа жұмсаған талантты ұйымдастырушы. Біз ұстаздың істеген көптеген еңбектерінің күесіміз.

Сагадиевтің ұйымдастыруышылық қабілеті, іскерлігі Целиноград (қазіргі С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті)

ауыл шаруашылығы институтының ректоры болып қызмет атқарған кезде айқын көрінді. Тың өлкесінде егін шаруашылығы қарқынды өріс алғанда, ол институт ұжымын ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуге жұмылдырып, оның материалдық-техникалық базасын нығайтуға күш салды. Өзінің істеген өрен еңбегінің арқасында оның тың өлкесінде беделі артып, тек институт ұжымындаға емес, бүкіл сол аймақта ірі тұлға ретінде танылды. Уақыттан озық жүретін Кенжеғали Абенұлы институтта оқудың жаңа модульдік жүйесін енгізіп, шетелдік оқыту тәсілінің бүтінгі үздік үлгісін сол кезде-ақ үйлестірген. Оның енгізген көп жаңа қарточкасынан бірі – дәнді дақылдардың жаңа түрлерін шыгаратын, республикада бүрін болмаған биотехнологиялық орталықты құруы еді. Оның еңбегін бағалай отырып, институт ғылыми ұжымы бидайдың жаңа түрін ғалымның атымен атады.

Кеңес Одағы кезінде материалдық-техникалық жабдықтаудың өндіріс үшін маңызы ете зор болатын. Кенжеғали Эбенұлының кандидаттық және докторлық жұмыстары осы саланың ғылыми мәселелеріне арналған. Ғалым Мәскеудің Г.В. Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтының ғылыми кеңесінде 1977 жылы елімізде бірінші болып материалдық-техникалық жабдықтаудың экономикалық тиімділігін арттыру проблемаларына арналған докторлық диссертациясын қорғады. Ғалымның осы кезде жазған еңбектерінде материалдық-техникалық жабдықтауды басқару, оның экономикалық тиімділігін арттыру, көтерме сауданы дамыту мәселелері көрсетілген. Кенжеғали Сағадиев Қазақстан экономист-ғалымдарының арасынан бірінші болып сол кезде-ақ осы көтерме сауданың келешекте маңызы зор екенін атап айткан. Бұл қазіргі нарық кезінде де өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ғалымның осы еңбектерінде көрсетілген ғылыми тұжырымдар сол уақыттағы халық шаруашылығының әртүрлі салаларында кеңінен қолданылды. Кенжеғали Эбенұлы Алматы халық шаруашылығы институтында материалдық-техникалық жабдықтау кафедрасын ашып, оның менгерушісі болды. Сол жылдардан бастап біздің елімізде Кенжеғали Сағадиевтің ерең еңбегінің арқасында материалдық-техникалық жабдықтау саласының ғылыми іргесі қалауды. Осы ғылымның дамуына оның әріптестері – Беккулов А.Б., Нурсеит А.Ш., Сухова Л.Ф., Алтынбаев Б.А.,

Хожаназаров К.Х., шәкірттері – Митяшкина Л.И., Ватрунина И.Ю., Ергожина З.М., Набиев Е.Н., Мадиярова Д.М., Карибджанов Е.С., Бекбосынов В.К., Смагулов А.С., Истаева А.А. және т.б. өз үлестерін қости.

Академик Сагадиев – ғылым мен жоғары білім беру саласының ірі ұйымдастырушысы және басқарушысы. Қазақстандағы төрт белгілі жоғары оқу орнының ректорлық (UIB президенті) қызметін атқаруы, КР Ұлттық ғылым академиясының президенті болып істейі, көптеген ғылым кандидаттары мен докторларын дайындашыну, ғылым мен білімді тәжірибеде үштастыруы оның қажымас қажырлы еңбегінің нәтижесі.

1990 жылы Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының президиумының бас ғылыми хатшысы қызметін атқарып жүргендеге республика ғылымының даму саясатының тұжырымдамасын жасауға бар күш-жігерін жүмсады. Оның басшылығымен жұмысшы то-бы «Қазақстандағы ғылым және ғылыми саясат туралы» Заның жобасын дайындағы, ол ғылым академиясының кейбір аумақтық белімшелерінің ұйымдастырылуына өз еңбегін қости.

Қазақстан мемлекетінің экономикасы мен әлеуметтік өмірінде нағыз реформалар басталған 1992 жылы Кенжеғали Эбенұлы Қазақ мемлекеттік экономикалық университетінің (1993 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы болып атала) ректоры болып тағайындалды.

Бұл еліміздің экономикасын ойдағыдай дамытатын мамандарға аса зәру болған шақ еді. Осыған байланысты Кенжеғали Сағадиев экономист мамандар дайындау тұжырымдамасын түпкілікті өзгерте отырып, нарыққа керекті мамандар білімін әлемдік деңгейге көтеру мақсатымен университеттің көптеген оқытушыларын шетелдерге жіберіп, оқы-тып алды. Олардың көпшілігі қазір экономика ғылымдарының докторлары болды. Солардың ішінде – Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің оқу жөніндегі проректоры, экономика ғылымдарының докторы С.С. Арыстанбаева, оқу-әдістемелік жұмысы бойынша проректоры, экономика ғылымдарының докторы А.М. Сейтказиева, «Менеджмент» кафедрасының менгерушісі, экономика ғылымдарының докторы – Т.С. Саткалиева, «Әлемдік экономика» кафедрасының менге-рушісі, экономика ғылымдарының докторы Карибджанов Е.С. жә-

не т.б. Шетелде оқып келгендердің ішінде мен де бармын. Америка оку орындарында оқығанымыз біздің келешегімізге үлкен нәр болды, кәсіби шеберлігізді арттырды.

Кенжегали Сағадиев оқытушылардың әлеуметтік жағдайын көтеру мақсатымен олардың жалақысын екі есеге көтерді. Академияда оку процесі толық жаңартылды, бұрынғы факультеттердің орнына менеджмент, маркетинг, халықаралық экономикалық қатынастар, қаржы, бухгалтерлік есеп, экономикалық кибернетика деген оку-ғылыми кешендері ұйымдастырылып, жаңа кафедралар ашылды, соларға сәйкес жаңа оку жоспарлары және нарықтық оқытудың тың бағдарламалары дайындалды.

Академиктің қолдауымен осы оку орнында жүргізілетін ғылыми-зерттеулердің сапасы артты. Нарық талабына сай ғылыми орталықтар ашылды, солардың ішінде – Қаржы-банк менеджменті институты, Экономикалық социология және Маркетинг орталығы.

Кенжегали Сағадиев экономикалық білім беруді талапқа сай жүргізу ісінде, шетелдік серіктестердің техникалық қолдауына сүйеніп үш үлкен жобаны іске асқыруға кіріскең еді, соның ішіндегі ен ірісі ТАСИС жобасы бойынша 5 млн ЭҚЮ болатын ірі халықаралық грантты ұтып алды. Жоба оқытушыларды нарықтық экономиканы терең білуге, олардың қабілеттерінің артуына және шет елдерде оқуына көп үлес қосты.

Қазіргі Т. Рыскулов атындағы Казак экономикалық университеті Қазақстандағы экономикалық оку орындарының қарашанырағы және таңдаулысы болуына, оның нарық заманының талабына орай жаңа бағытпен дамуына Кенжегали Сағадиевтің қосқан үлесі ерекше деп білеміз.

Кенжегали Әбенұлының еліміздің экономикасын реформалау жолдары, оның көптеген мәселелерін шешуге арналған жан-жақты еңбектері көп, сондықтан академиктің осы саладағы ғалымдар ішінде шоктығы биік деп айтуда болады. Оган оның егемен мемлекетті енді құрып жатқан және қазіргі кездегі Қазақстан экономикасы жайлы жазған ғылыми еңбектері дәлел. Бұл ретте 1995 жылы Ұлттық Ғылым академиясының хабаршысында жарияланған «Қазақстандағы экономика реформасы: тұжырымдамалық дәлелдеудің кейбір жолдары» деген еңбегінде ол – осы реформаны жүргізудің

концептуалдық негіздеу жолдарын көрсетеді. Ғалым сол кездедегі көптеген ғылыми еңбектерінде Қазақстанның экономикасын түбекейлі өзгертпі, оның өркендеу стратегиясын жаңартуда жаңа көзқарас, қоғамның жаңа парадигмасына сай экономикалық теория, Қазақстанның ұлттық ерекшеліктеріне негізделген Батыс елдерінің экономика модельдерін қайталаудың тиімді реформа керектігін атап көрсетті. Ғалым Қазақстанның ертенгі күні тек экономикадағы түбекейлі өзгерістерде жатқанын, ол үшін іргелі ғылымдар деңгейін көтеру қажет екенін атады.

Академиктің жетекшілігімен жасалған Қазақстан азаматтарының заман талабына қарай экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру тұжырымдамасы – еліміздегі нарықтық қатынастардың дамуына ықпалы зор болды. Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңеске ұсынылған және «Сұхбат» журналында (1995) жарияланған «Арқасуýер күш – орта тап» деген мақаласында, «Средний класс: «тест» на современность: история, теория, статистика» деген кітабында нарықтық экономика дамуындағы орташа топтың рөлін, оның қоғамды қайта жаңғырту үшін ұзақ мерзімдік стратегиясын жасау жолдарын ұсынады.

1992 жылы Кенжегали Сағадиев Қазақстан сияқты егемен елдің өзіне ұлттық ақша (валюта) қажеттігін, оны енгізуі ұзаққа созбау керектігін айттып, Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә. Назарбаев пен сол кездегі премьер – министр С.А. Терещенконың атына хат жолдады.

Ғалым ел дамуында байқалып отырған индустріалдық мешеулікті зердесінен өткізіп, жерімізге тиімділігі төмен, табиғат-ананы бұлдіретін тиімсіз технологияларды тарту саясатының айрықша қауіпті екенін ескертті. Ол өзінің – «Қазақстанның ғылыми-техникалық тәуелсіздігі», «үміт ұшқыны сөнбесе игі» деген мақалаларында бұл туралы ауқымды әнгіме көтерді. Ұшан-төңіз байлығымызды өзге емес өзіміз дұрыс пайдалану үшін ғылыми-техникалық жүйе құру – қазіргі уақытта ең бір қажетті мәселе екенін дәйектеді. Оның бұл тәрізді сол кезде жазған көптеген еңбектері Қазақстан экономикасындағы ғылыми тұжырымдарды байытты.

Кенжегали Сағадиевтің Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының президенті болып сайлануында бірнеше ерешеліктер бар. Солардың біреуі – Ұлттық Ғылым академиясының

тарихында экономист-галымның тұнғыш рет баламалық негізде президент болып сайлануы. Ол Ұлттық Фылым академиясының бүкіл жұмысын түбекейлі қайта құрды, іргелі және қолданбалы зерттеулерді ұйымдастыруға қомақты үлесін қости. Фылыми қызметкерлерді қайта аттестациядан өткізе отырып, оларды әлеуметтік қорғау үшін маңызды шаралар қабылдады.

Академияның даму стратегиясының иегіз етіп фылым мен техниканы мүмкіндігіне қарай ел егемендігін күштейту жолдарына бағыттауға және осы мақсатқа жетуге ден қойды.

Осының барлығы К. Сағадиевтің дарындығалым-оқымыстыжәнеталанттыұйымдастырушы екенін көрсетеді. Ғалым Қазақстан экономикасын тұрақты түрде дамытудың басты саласы – жаңа білім беру мен технологиялық прогресс екенін алға тартты. Қазақстанда экономикалық реформа жүргізу мәселелері іргелі теориялық негіздеуді қажет ететінін айта отырып академик оны халық мәдениетінің бір бөлігі, ұлт өркениеттілігі дәрежесінің көрсеткіші, әлеуметтік прогрестегі, сондай-ақ техника, технология және өндірістегі жаңа өзгерістерді сезіп отыратын халықтың кезі мен құлағы деген қағиданы ұсынды.

Көрнекті оқымысты экономика саласынан басқа гуманитарлық ғылымдардан, яғни, тарих, әдебиет, өнер, тағы басқалардан хабарының молдығы, оның шетелдерде, Қазақстанда өткен әр түрлі симпозиумдарда, конференциялarda, ұлы адамдарға арналған айтулы сессияларда сейлекен сөздері мен баяндамаларынан анық байқалып келеді. Экономикамызды, ғылыммызды дамытып, білім беру ісін жетілдіру, байланыстарды баянды ету мақсатында АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Оңтүстік Корея, Пәкістан, Иран, Израиль, Қытай және басқа көптеген елдерге барып, тәжірибе алмасу арқылы еліміздегі игілікті жұмыстарға үйіткі болуы да бөле-жара айтуға тұрады.

Академик Сағадиев 1996 жылы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институты мен Алматы мал дәрігерлік институтының негізінде құрылған Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің ректоры болып тағайындалды.

Аграрлық университеттің де жұмысын Кенжеғали Әбенұлы түбірімен қайта құрды. Фылыми жүйеде істеп жүрген, ауыл шаруашылығынан тәжірибесі мол ғалымдармен, мамандармен кеңесіп, оку орнында ашылатын жаңа мамандықтардың саны мен сапасын

анықтады. Уақыт талабына қарай биотехнология, аграрлық заңтану, агроэкология, халықаралық аграрлық экономикалық қатынастар тәрізді жаңа мамандықтар өзінің жері, сұы, малы, қаржаты бар шаруашылық иелерінің жаңа легін дайындау мақсатымен фермерлер мектебі өмірге келді.

Тыңайтқыштың өлшеусіз себілуйен және ерозияға ұшырауынан жер-ананың беретін өнім-түсімі төмендеп, құнарлығы жойылып бара жатқаны жасырын емес. Жерді тыңайту, экология жағынан тазарту ауадай қажет. Осыны жүзеге асыратын ауылшаруашылық мамандарын өзірлеуге ғалым үлкен күш салды. Жастарға ауыл шаруашылығы мамандығын игеруге жаңажакты жағдай жасай отырып, маман кадрларды аграрлық экономиканы көтеруге бағыттауы академик Сағадиевтің ұрпақ тәрбиесін, өмір мұраты деп түсінген ұлағатты ұстаздың негізгі ой арманының бірі деуге болады.

Кенжеғали Әбенұлы 2002-2004 жылдары Халықаралық бизнес университетінің президенті, содан кейінгі уақытта – парламент Мажлісінің депутаты, оның Қаржы және бюджет комитетінің тегерасы болды. Қазір Парламент Мажлісінің төртінші шақырылымының депутаты.

Осы кездерде ол өзін экономикамыздың алдында тұрған мәселерді шеше білетін жоғары дәрежедегі қайраткер ретінде де көрсетті. Кенжеғали Сағадиевтің осы кездерде жазған көптеген енбектері мен істері Қазақстан экономикасының тұрақты даму және өсу, Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін көтеру жолдарына, бюджет жүйесін өркендетуге, еліміздің Дүниежүзілік сауда үйіміна кіру мәселерін шешуге арналған. «Реформы: аналитический взгляд» деген төрт томдық еңбегінде Қазақстандағы нарық экономикасының даму жолдарын жан-жақты талдап, келешекте әлемдік бағытқа сәйкес келетін жаңа экономиканы дамыту бағыттарын алға тартады.

Біздің еліміз жаңа экономика құру үстінде. Жаңа экономика дегеніміз, адам еңбегінің тиімділігін көтеретін жаңа технологиялармен жарақталған, жоғары біліктілікі қажет ететін, терең білім мен ғылым негізінде дамитын тиімді экономика. Кенжеғали Сағадиевтің көрекендігі осындай экономиканы іс-жүзіне асыратын жолдарды атап көрсетуіпде.

Шикізат емес, терең өндделген бұйымдар жасап, әлемдік сауда кеңістігіне шығу керектігі әркімге мәлім. Ғалым бұл мәселені шешудің жан-

жақты жолдарын осы еңбегінде түбегейлі түрде көрсетеді.

Кенжеғали Әбенұлы халық қамын ойлайтын тұлға. Ол Қазақстанның барлық байлығын, ішкі мүмкіндігін, ұстанып отырған саяси және экономикалық қағидаларын елдің тұрмысын жақсартуға, қоршаған ортаны қорғауға, білім алуға мүмкіндік жасауға, деңсаулық сақтау жүйесін жоғары деңгейде қалыптастыруға бағыттайтын әлеуметтік мемлекет құру қажет деген ғылыми тұжырымдамасынан көрінеді.

Тағы бір аукынды проблема ретінде академик экономикадағы салық ауыртпалығын азайту, өндешіші өндіріс салаларына, ауылшаруашылық өнімдерін өндейтін кәсіпорындарға, орта және шағын бизнес субъектілеріне табыстың қомақты бөлігін құрайтын корпоративтік салық және қосымша құн салығы үлкен ауыртпашилық жасайтынын, осы шешілсе көленкелі экономика көлемінің азаятынын өз еңбектерінде көрсетеді. Осы мәселе туралы Президент Н. Назарбаевқа жазған өзінің хатында, бұрынғы премьер-министр Д. Ахметовке, экономика және бюджеттік жоспарлау министрі К. Келімбетовке жолдаған депутаттық сауалында көтерді. Нәтижесінде қосымша құн салығы төмендеді. Ал Қазақстан Президентінің биылғы жылғы Жолдауында осы салық деңгейін орта және шағын бизнес үшін төмендету керек деген шешімі Кенжеғали Сагадиевпен басқа да ғалымдардың, іскерлердің армандарын ақтап отырған шешім деп айтуда болады.

Кенжеғали Абенұлының билік орнына жіберген көптеген экономикалық мәселелерге қатысты хаттары бойынша ресми орындармен қабылданған шешімдер – оның Қазақстандағы экономикалық реформаларды белсенді түрде жүргізуші ғалым-реформатор екендігін көсетеді.

Қазіргі кезде 146 мемлекет мүше болып отырған Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру біздің экономикамыздың әртүрлі әсер тигізірі күмәнсіз. Академик Сагадиевтың айтудың бұл Ұйым-та қосылу басқа елдермен терезесі тен мемлекет ретінде іс-қимыл жасауға, шығарылған өнімді шет елдерге тәжеусіз сатуға, сонда кездесетін әр түрлі алалауларға халықаралық ережелер негізінде тойтарыс беруге, бізге қарсы қолданып отырған демпингке, елімізге жаңа технология мен қосымша инвестициялар тартуға, тауарды тиімді жағдайда өндіруде

басқа елдермен бәсекені арттыруға мүмкіндік туғызатынын атап өтеді. Сонымен қатар осы Ұйымға қосылу кейбір әділетсіздіктерге әкелуі мүмкін. Осы Ұйымның зандары мен ережелерінде үміткерлер экономикасының даму деңгейі, жалпы ерекшелігі жан-жақты ескерілмеген. Кеден саясаты туралы алатын міндеттеріміз бен жауапкершілігімізді, оның ережелерінің ауылшаруашылығына тигізер әсерін, шетелге шығудағы мемлекет тарарапынан керек қолдаулар мен саясатты айқындау, кейбір азық-түлік өнімдеріне баж салығын жоғарылату, зандарымызды қайта қарап толықтыру сияқты дәйекті мәселелерді шешу керектігін өз еңбектерінде алға тартады. Аталмыш Ұйымға тиісті дайындықсыз кірген бұрын Совет одағында болған кейбір егемен елдердің әзір ұтқандары аз, ұтылғаны көп екені мәлім. Соңдықтан да бізге үлкен дайындық, терең зерттеулер, ұлттық мұддені қорғайтын дәлелді де табанды келіссөздер, экономикамыздың болашағына қолайлы міндеттерді айқындау қажет деген ғалымның тұжырымдары шұбәсіз деуге болады.

Кенжеғали Сагадиев – сирек эрудициялы, жан-жақты білімді ғалым. Оның ғылыми еңбектері экономиканың әр түрлі салаларын қамтиды. Соның ішінде – ауылшаруашылығы мәселесіне көп көңіл бөліп отыр. Ауылдағы шешімін таппанаған мәселелерді атайдырып, академик Сагадиев ауыл технологияларының жаңа да жоғары тиімді түрлерін пайдалану, асыл тұқымды мал өсіру, тұсімі мол дәнді дақылдар пайдалану, шаруашылықтың тиімді жүйелерін қалыптастыру, ауыл өнімдерінің сапасын көтеру – ұзақ уақыт қажымай-талмай шешетін проблемалар деп алға қойып отыр. Ұлттық байлықтың сарқылмас көзінің бірі – ауыл шаруашылық өнімдерін, оның терең өнделген түрлерін шет елдерге шығарып, сату. ДСҰ-ның қоятын талаптарының құрделілігіне байланысты осы өнімдерді солардың талаптарына сай сәйкестендіру қажеттігін де ғалым атап өтеді.

Академик Сагадиев Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына ғалым ретінде де, депутат ретінде де өз үлесін қосты деп санаймыз. Оған оның көптеген еңбектері де, істері де дәлел.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың экономикамыздың алдына қойған басты мақсаты – дүние жүзінде бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы. Осыған

байланысты біздің еліміздің жеткен жетістіктерін және орын алып отырған олқылықтарын жаңажақты талдай отырып, Кенжегали Сагадиев өз еңбектерінде осы мақсатқа жетуде экономиканың индустріалдық-инновациялық тұрғыда даму, ауыл шаруашылығын жаңғыртуды, инвестиция тарту, жаңа технологияларды қолдану, қорнарығын қалыптастыру, кластерлік жобаны дамыту, бюджет жүйесін, салық заңдарын жетілдіру керектігін көрсеткен. Соның ішінде, ғалым бәсекеге қабілеттілікті арттыруда адам факторының маңыздылығын атап көрсетеді.

Академик К. Сагадиевтің еліне, халқына сінірген еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол әр кез орынды бағаланып келеді. Халық қалаулысы, елдің елеулісі атанды. Омырауына көптеген ордендер тақты.

Кенжегали Әбенұлы 1994 жылы Америка ғалымдары ассоциациясының, 1996 жылы Нью-Йорк академиясының, 2002 жылы Пакистанның ғылым академиясының мүшесі болып

қабылданды, 1997 жылы Жоғары мектептердің Халықаралық ғылым академиясының толық мүшесі (академигі) болып сайланды. Ол 1992 жылы Англиядағы Кембридж университетінің Халықаралық библиографиялық орталығының ұсынуымен «Жыл адамы» атағына да ие болды.

Академик Кенжегали Абенұлы – ұлағатты ұстаз. Оның жетекшілігімен елуден аса докторлық және кандидаттық диссертация дайындалып қорғалды.

Экономика, ғылым мен жоғары білім салаларын реформалаудағы қосқан үлкен үлесі, жоғары оқу орындарында білімге баулып, тәрбиелеген мындаған кешегі түлектері, өзінің ізін қуған ғалым шәкірттері Кенжегали Әбенұлы Сагадиевтің сінірген өрелі еңбегінің жемісі.

Қоғам және мемлекет қайраткері, талантты ғалым-реформатор, дарынды ұйымдастырушы, халқымыздың парасатты ұлы, ұлағатты ұстаз Кенжегали Әбенұлы Сагадиев туралы біз әрдайым мақтанашпен айтамыз.